

Шұбарқұдық ауылының көшесіне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округ әкімінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі № 50 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық Әділет басқармасында 2010 жылдың 7 мамырда № 3-10-130 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында және мәтінінде "кенттік", "кентінде", "кенті", "көшеге" сөздері "ауылдық", "ауылының", "ауылы", "көшесіне" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімінің 22.02.2017 № 31 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4-тармақшасына сәйкес Шұбарқұдық ауылдық округі Әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Шұбарқұдық ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып, "Ұлы Отан соғысы Жеңісінің-65 жылдығы" мерекесі қарсаңында, Шұбарқұдық ауылы қазіргі Батыс көшесіне "**Жұмағазы Махимов**" атауы берілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шұбарқұдық ауылдық
округі әкімі*

Б. Избасов